

Мәслихаттың 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 53 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық мөлшерлемелері туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 251 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 мамырда № 7750 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 53 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық мөлшерлемелері туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6671 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 8 қарашада "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрағасы

М. Мамонтова

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Байгужин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қостанай облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің Рудный қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Н. Ахметкалиев

27 сәуір 2018 жыл